# Атқарушылық жазбаға қарсылық білдіру рәсімі оңайлатылды

**Елімізде нотариустың атқарушылық жазба жасау тәжірибесі кеңінен қолданысқа енгізілуде. Дегенмен, көптеген азаматтар мен заңды тұлғалар қолданысқа енгізілген атқарушылық жазба туралы, оған білдірілетін қарсылық турасында аз мәліметтер алғандықтан, түсінбей жататын жағдайлар кездесуде.**

Жалпы, нотариустар ҚР «Нотариат туралы» Заңына 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген өзгерістерге сәйкес, атқару жазбасын жасау құқығына ие.

Атқарушылық жазба дегеніміз – ол өндіріп алушыға тиесілі белгілі бір ақшаның сомасын борышкерден өндіріп алу немесе жылжымалы мүлікті талап ету туралы нотариустың өкімін білдіреді.

Атқарушылық жазбаны жасағаннан кейін нотариус келесі жұмыс күнінен кешіктірмей табыс ету туралы хабарламамен бірге борышкерге оның көшірмесін жібереді. Жеткізу бойынша шығыстарды өндіріп алушы өз бетінше төлейді. Борышкерге хатты табыс еткен күннен бастап (күн хабарламада көрсетіледі) он жұмыс күні өткен соң және борышкер тарапынан қойылған талаптарға қарсылық туралы жазбаша өтініш болмаған кезде, нотариус өндіріп алушыға атқарушылық жазбаны борышкердің тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бойынша сот орындаушысына орындауға ұсыну үшін береді.

ҚР «Нотариат туралы» Заңының 92-1 бабының 2 тармақшасына сәйкес, борышкер атқарушылық жазбаның немесе тиісті қаулының көшірмесін алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде атқарушылық жазбаны жасаған немесе тиісті қаулыны шығарған нотариусқа хабарламасы бар мәлімделген талапқа қарсы қарсылығын жазбаша түрде жіберуге құқылы. Борышкердің қарсылығында мәлімделген талаппен келіспеу себептері қамтылуға тиіс.

Егер қарсылық келіп түссе, нотариус ҚР «Нотариат туралы» Заңының 92-8 бабының 1 тармақшасына сәйкес, үш жұмыс күнінен кешіктірмей атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулы шығарады. Бұл ретте, өндіріп алушы да, борышкер де Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 45-тарауының тәртібінде атқарушылық жазбаға дау айту үшін сотқа жүгіну құқығынан айырылмайды.

Азаматтарға ыңғайлы болу және атқарушылық жазбалар бойынша қарсылық берудің жедел тәсілдерімен қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылдың сәуірінде Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 31.01.2012 жылғы №31 бұйрығымен бекітілген «Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттер жасау ережесіне» түзетулер енгізілді.

Аталған түзетулер негізінде қолдың түпнұсқалығын нотариалды куәландыру қажеттілігі алып тасталды.

Сонымен қатар, нотариустың электрондық поштасына жіберу арқылы қарсылық берудің жаңа балама тәсілі енгізілді.

Енді егер борышкердің нотариусқа жеке өзі қарсылық білдіруге немесе пошта байланысы арқылы жіберуге мүмкіндігі болмаса, оған өзінің қарсылығын нотариустың электрондық поштасына жіберу жеткілікті.

Бұл ретте мұндай қарсылық беру мерзімдерін (10 жұмыс күні) сақтау маңызды.

Бұрын борышкерлер қарсылықты тек екі жолмен – нотариустың жеке өзіне не хабарламамен жібере алды, соңғы жағдайда қолдың түпнұсқалығы нотариалды куәландырылды, ол үшін мемлекеттік бажбен қатар, құқықтық және техникалық сипаттағы қызметтер үшін төлем алынған болатын.

Электрондық пошта арқылы қарсылық білдіру қосымша қаржылық және уақыт шығындарын болдырмайды.

Жалпы алғанда, нотариустың атқарушылық жазбасы — нотариалдық әрекеттің жаңа түрі ретінде азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған оңтайлы тәртіп. Нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар өз кезегінде сот жүктемелерін азайтып, басы артық дәлелдемені қажетсінбейтін даусыз талаптарды нотариустер арқылы тез шешуге қолайлы және азаматтар мен заңды тұлғалардың нотариустардың әлеуетін пайдалануы азаматтық айналымға қатысушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру мерзімін едәуір қысқартады.

**Айгуль Анжанова,**
**Атырау облысы Әділет департаменті Құқықтық түсіндіру және халыққа заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің бас маманы**

**«Ломбард MODERN.KZ»** ЖШС сатылып алынбаған кепілдендірілген мүлікке 2022 жылы 13 маусым сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін сауда-саттық ағылшындық әдісімен өткізілетін аукцион жүргізілетінін мына мекен-жай бойынша хабарлайды: Атырау қаласы, Махамбет Өтемісұлы көшесі, 116 үй, №1 кеңсе; accountant@zolotoiy.kz; 8(775) 387-71-98.

**ATYRAÝ**
Газет 1923 жылғы сәуірдің 1-нен шыға бастады
МЕНШІК ИЕСІ:
**«АТЫРАУ-АҚПАРАТ» ЖШС**
Бас директор
**Жасын БІРКЕНОВ**
Бас редактор **Назарбек ҚОСШИЕВ**
Бас редактордың қабылдау бөлмесі – 45-86-43, факс – 45-85-97.
Бас редактордың орынбасары – **А.Базарбаев** – 45-86-47.
Жауапты хатшы – **Д.Мұхамбеталиев** – 45-84-50.
«Atr.kz» сайтының редакторы – **А.Абдолов** – 45-86-50.
Арнаулы тілші – **М.Қуанышева** – 45-84-30.
Бөлімдер:
экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері: шолушы – **А.Сабырова,** аға тілшілер – **Д.Аруев, С.Ақтәжиева,** тілшілер – **Ж.Халиуллина, Ж.Мәлімқожа** – 45-84-01;
қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени мәселелер:
шолушы – **Г.Әмірова,** аға тілші – **Р.Өтеуғали,** тілші – **Л.Сейтімова** – 45-85-24;
экология және құқықтық мәселелер:
аға тілші – **М.Оразғалиева,** тілшілер – **А.Қабдолов, Б.Кенжиев** – 45-86-50.
фототілші – **Е.Алтыбаев** – 45-84-50.
Корректорлар: **Э.Әбілқайырова, А.Шомажанова.**
Компьютер цехы:
бет құрушылар – **С.Рамазанова, А.Жолдыбаева.**
Іс жүргізуші: **Т.Тайтекова,** теруші: **К.Елеусінова** – 45-84-50
Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 2018 жылғы 16 мамыр күні тіркеліп, тіркеу туралы **№17097-Г** куәлігі берілген.
Басылым **«Құрмет белгісі»** орденімен, республикалық **«Аманат»** сыйлығымен марапатталған.
**МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**
060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29а үй.
**Электронды пошта:** e-mail: atyrau_gazeti@mail.ru
*Газет «Атырау» газетінің компьютер цехында теріліп, бетталды.
*«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды.
* Авторлар жарияланымындағы пікірлер редакцияның түпкілікті көзқарасы болып танылмайды. Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.
PR Мақалалар коммерциялық негізде басылды деген белгі.
Жарнамалар мен хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
**Индексі:** 060005 Аптасына 2 рет шығады.
**ТАРАЛЫМЫ: 8915 дана**
**Нөмірдің кезекшілері:**
М.Оразғалиева, А.Жолдыбаева, Э.Әбілқайырова
www.atyrau-akparat.kz

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның сенімді тұлғасы келесі кепіл мүлікті сатуды жариялайды:

№ 1 Лот.

– 2 қатарлы тұрғын үй, жалпы алаңы 161,3 ш.м., тұрғын алаңы 53,5 ш. м., 0,0187 га жер учаскесімен, мекен-жайы: Атырау қ, Лесхоз ы.а, Гаухартас тұрғын үй кешені, 11 үй, 5 пәтер.

– Бастапқы бағасы – 27 571 000 теңге.

– Сату әдісі – голландттық (бастапқы бағаны түсіруге).

– кепілдік жарна – 3%.

Бастапқы бағасынан 3% өлшеміндегі кепіл жарнасы төменде көрсетілген деректеме бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның сенімді тұлғасы есебіне аударылуы керек.

Сауда-саттыққа қатысу өтінімін қабылдау уақыты **12 маусымда 2022 жылы сағат 18.00-де** бітеді.

Сатылым сағат 10.00-де 13 маусым 2022 жылы Атырау облысы, Атырау қаласы, Құлманов көшесі, 23, каб.309 мекен-жайында өтеді.

Сатып алу бағасына төлем жасау сенімді тұлғаның шотына ақшаны аудару арқылы сауда-саттықтың біткен мезгілінен 5 банктік күн ішінде жүргізіледі.

Сенімді тұлға деректемесі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның сенімді тұлғасы Дускалиева Оксана Ерсаиновна, Атырау қаласы, Құлманов көшесі, 23, шот нөмірі № KZ256010001286000074, БИК HSBKKZKX, БИН 970541000638, КБЕ 14. Анықтама телефоны: 8 (7122) 586042.

«Сазанқұрақ» ЖШС, Экологиялық кодексінің 95-бабының талаптарына сәйкес 2022 жылдың шілде айының 12 күні сағат 10.00-де Атырау облысы, Исатай ауданы, Нарын ауылы, Бейбітшілік көшесі, 4 Мәдениет үйінде «Сазанқұрақ кен орнында 5 тік пайдалану ұңғымасын салуға арналған топтық техникалық жобасына» «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен https://ecoportal.kz/Public/PubHearings біріңғай экологиялық портал сайтында танысуға болады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылуға болады, қосылу үшін сілтеме – https://us02web.zoom.us/j/87945327985?pwd=aVQzSEM4R0d4WjdTa1RaMzZYVXB4QT09

Конференция идентификаторы: 879 4532 7985, кіру коды: 746912.

Жергілікті атқарушы орган: Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, тел: 8 (7122) 325509 Жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында https://ecoportal.kz – парақшасында қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен танысуға болады.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Сазанқұрақ» ЖШС, Шанкеев Е. эл.мекен-жайы yshankiyev@szk.kz. тел: 87015275504

Жобалау ұйымы: «ҚазНИГРИ» ЖШС, zh.kalemova@kaznigri.kz тел.87014549448.

## Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің көрсететін мемлекеттік қызметі

«Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2 разрядты спортшы, 3 разрядты спортшы, 1 жасөспірімдік разрядты спортшы, 2 жасөспірімдік разрядты спортшы, 3 жасөспірімдік разрядты спортшы спорттық разрядтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету өтінішті қабылдау және нәтижесін беру «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалының Халыққа қызмет көрсету бойынша Атырау қаласының бөлімдері арқылы және «электрондық үкіметтің» веб-порталы: www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаралады. Қызмет алушының құжаттары қабылданғаннан кейін, құжаттар «Спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2014 жылғы 28 қазандағы №56 бұйрығы бойынша қарастырылады. Бөлімнің мекен-жайы Атырау қаласы, С.Сәуірғалиев көшесі, №1, қызметтік телефоны: 8(7122)453694.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына (96 бап) сәйкес, 15.07.2022 ж сағ: 10.00-де «2023 жылға арналған Атырау облысындағы НКОК нысандарының қоршаған ортаға әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алу үшін өтінім пакеті» бойынша онлайн бейнеконференция түрінде қоғамдық тыңдау өткізіледі. Объект ҚР Атырау облысында орналасқан. Қоғамдық тыңдау Атырау қ. Жұмағалиев көшесі 1 мекен-жайындағы НКОК Н.В компаниясының Атырау оқу орталығының аудиториясында өткізіледі.

https://us06web.zoom.us/j/83693487715?pwd=bVZzcWh6Q2tpN0Y3bndqc1VDeGFRZz09 сілтемесі бойынша ZOOM платформасында онлайн режимде қосымша қосылу мүмкіндігі бар.

Конференцияның идентификаторы: 836 9348 7715 Қолжетімділік коды: 659712

Ұйымдастырушы: НКОК Н.В. (Норт Каспиан Оперейтинг Компании Н.В.), компаниясының филиалы, Атырау қ., Смағұлов к. 1, тел.: +7 (7122) 92 7414

ҚОҚ Тарауын Әзірлеуші: «Қазақстан Қолданбалы Экология Агенттігі» ЖШС, Алматы қ,. Амангелді к, 70А., тел. +7 727 2726428, +7 727 2726450, +7 727 2726469, эл. мекен-жайы: almaty@Kape.kz

Жобалық құжаттама мына сайтта орналасқан: https://ecoportal.kz.

Қоғамдық тыңдауды өткізу жөніндегі сұрақтар бойынша : ҚҚЭА ЖШС-не хабарласуға болады, байланыс тел. +7 727 2726428, +7 727 2726450, +7 727 2726469, эл. мекен-жайы Almaty@Kape.kz

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Атырау облысының «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына» жолдауға болады: atr_priroda@mail.ru

## ХАБАРЛАНДЫРУ

11/07/2022 ж. 16 сағат 00 минутта Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қызылқоға ауылдық. округі, Қарабау ауылы, Игілікұлы көшесі, 7, әкімдік ғимаратының мәжіліс залында «Карабау Петролеум» ЖШС келісім-шарт аймағы Карабау учаскесінде «ЖТНӘ-2D Сейсмо барлау жұмыстарын жүргізу үшін «Техникалық жобаға» және Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша (ҚОҚБ) қоғамдық тыңдау өтеді.

Жобалық құжаттаманы Бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ танысуға болады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде:

– Онлайн конференцияға сілтеме:

https://us05web.zoom.us/j/87403299081?pwd=eDN1c0VOU01LYUtuMFVNVWp6VEFTUT09

– Конференция ID: 874 0329 9081

– Қол жеткізу коды: tatarka117

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар қабылданады және қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады:

– https://ecoportal.kz/

– Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, e-mail: atr_priroda@mail.ru

Жобалау жұмыстарына тапсырыс беруші: «Карабау Петролеум» ЖШС, БСН 201140000225, Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Z05H9D3, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, көш. Д Қонаева, 25/1

Жобалық құжаттаманың мердігері:

– «Тат-Арка» ЖШС Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Көк-Төбе шағынауданы, көш. Сағадат Нұрмағамбетов 91, индекс 050010, БСН 010740003714, e-mail: tat-arka@mail.ru, Тел.: +7(727) 261 31 41

– «Азимут Геология» ЖШС, Қарағанды қаласы, Сәкен Сейфуллин даңғылы, 105, БСН 110940019838, телефон: 8 (7212) 41-84-09.08.10; e-mail: azim2001@mail.ru, rauash@mail.ru

## ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ

### ӘРТҮРЛІ

Махамбет ауылы, Абай көшесінен 51 үй сатылды.

Ұялы: 8 702 577 83 85, 8 702 292 40 58

### НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

2021 жылы 24 қарашада қайтыс болған **Кабисов Аскар Бекболовичтің** мұралық ісі ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Сәтбаев көшесі, 56 үй, 4 кеңсе. Жұмыс тел.: 20-42-03, нотариус Зейнеденова Бақытгүл Мұқымқызы. №0001984, 20.10.2004 ж. ҚР ӘМ.

15.04.2022 жылы қайтыс болған **Кабесова Фарида Альжановнаның** мұралық ісі ашылуына байланысты мұрагерлері болса, Атырау нотариаттық аймағының нотариусы Тулеуова Бибигуль Хасановнаның Атырау қаласы, Орталық шағынауданы №3 үй кеңсесіне хабарласулары сұралады. Телефон: 87014558603. Лицензия №0002988, 13.05.2010 ж.

06 ақпан 2022 жылы қайтыс болған **Сатыбаев Кужирбайдың** атына мұралық іс ашылуына байланысты, мұрагерлері болса, Социалов Биржан Берикбуловичтің, Атырау нотариаттық аймағының нотариусы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 4 мамыр 2021 жылы берілген №21017054 лицензиясы негізінде қызмет етуші, Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау ауылы, Д.Абилхайров көшесі № 32, кеңсесіне хабарласулары сұралады. Тел: 8775 150 87 52, 8700 150 87 52.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды:

31.12.1996 жылы қайтыс болған **Дабылова Кадештің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Исатай ауданы, Аққыстау селосы, Е.Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына. Телефон: 8 (71231) 2-06-82.

Лицензия №0002271

Берілген күні 12.12.2008 ж.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды:

09.05.2022 жылы қайтыс болған **Актаев Гадылбек Кубековичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады. Исатай ауданы, Аққыстау селосы, Е.Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына. Телефон: 8 (71231) 2-06-82.

Лицензия №0002271

Берілген күні 12.12.2008 ж.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы Кайралапова Нурбиби Табылдиевна (№16009737 лицензиясы, 16 маусым 2016 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен берілген)

13 тамыз 2021 жылы қайтыс болған **Тажикенова Мару Сидгуловнаның** мүлкіне мұра ашылғандығын, оның мұрагерлеріне Атырау қаласы, Нұрсая шағынауданы, 22 мекен-жайы бойынша нотариусқа хабарласуы қажеттігін хабарлайды.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы Кайралапова Нурбиби Табылдиевна (№16009737 лицензиясы, 16 маусым 2016 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен берілген)

18 желтоқсан 2021 жылы қайтыс болған **Тажикенов Куанышкалийдың** мүлкіне мұра ашылғандығын, оның мұрагерлеріне Атырау қаласы, Нұрсая шағынауданы, 22 мекен-жайы бойынша нотариусқа хабарласуы қажеттігін хабарлайды.

14 ақпан 2022 жылы қайтыс болған **Кужантаев Онер Гумаровичтің** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлері болса Атырау нотариаттық аймағының нотариусы Медеугалиева Ляззат Елтаевнаның Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 42 үй кеңсесіне хабарласулары сұралады. Тел.: 8 701 432 62 58.

Медеугалиева Ляззат Елтаевна, Атырау нотариаттық округінің нотариусы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 13 шілде 2015 жылы берілген №15012988 лицензиясы негізінде қызмет етуші.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы №15007793, ҚР ӘМ 27.04.2015 ж. берілген лицензиямен әрекет етуші Таспаев Бисенбай Избасович хабарлайды: 16.04.2022 жылы қайтыс болған **Жумабаев Асанның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор поселкесі, Ғалия Сүлейменова көшесі, 100 үй, байланыс телефоны: 8 702 742 04 70.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусі А.К. Саркулова хабарлайды: 24.11.2021 жылы қайтыс болған **Қуатов Жауынбай Асанғалиұлының** атына мұралық іс ашылды.Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустің кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды:Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет селосы, Абай көшесі №24.Тел: 8- 71(236)2-13-04.Лицензия: №0001099, 23.07.2003 ж. берілген

24 сәуір 2022 жылы қайтыс болған **Губашева Гульжан Абиловнаның** атына мұралық іс ашылуына байланысты, мұрагерлері болса,Социалов Биржан Берикбуловичтің, Атырау нотариаттық аймағының нотариусы, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің 4 мамыр 2021 жылы берілген №21017054 лицензиясы негізінде қызмет етуші, Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау ауылы, Д.Әбілхайыров көшесі, № 32, кеңсесіне хабарласулары сұралады. Тел: 8775 150 87 52, 8700 150 87 52.